

## **1-модуль. XIX ғ.соңы XXғ. 30 ж. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихы.**

**1. 1 тақырып: Қазақстандағы қуғын-сүргін тарихнамасы және дереккөздері.**

**2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері:** Саяси қуғын-сүргін тарихыны жалпы шолу жасай отырып, дерекнамалық және тарихнамалық тұрғыдан жан-жақты қарастырады. Зерттеуге қажетті деректерді, әдебиеттерді іздестіру, фактілерді жинақтау, тарихы материалды ауызша және жазбаша жеткізе білу, танымдық білімі мен білігін дамыту.

**3. Лекция мазмұны.** Кеңестік билік жергілікті тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген жала жауып, халықтың да оларға деген теріс көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасады. Халықтың қамын жеген ұлт қайраткерлерінен сескенген тоталитарлық билік өкілдері тығырықтан шығар жолды іздеді. 1925 жылы қыркүйекте Қазақстанға басшылық қызметке Ф.И.Голощекиннің келуі елде орын алып отырған жағдайды одан бетер ушықтырды. Ол Қазақстанды кеңестік өзгерістерден тыс қалған деп санап, онда «Кіші Қазан» төңкерісін жүргізу саясатын ұстанды. Оның жүргізген саясаты ұлт зиялыларын жаппай қуғындауға ұласты. Голощекин өзіне қарсы шыққандарды қызметтерінен алып, республикадан қуды, олардың көзін жоюды қолға алды.

Саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеу, оның құрбандарын ақтау мәселесінде қазақстандық «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы үлкен жұмыс жүргізуде. «Әділет» қоғамы өзінің алғаш құрылған сәтінен бастап ғылыми семинарлар мен конференциялар өткізуге, деректік жинақтар мен кітаптар шығаруға ұйытқы болды.

«Әділет» тарапынан Алматыда және бірқатар облыстарда 20-40-жылдары атылғандардың тізімі - «Книга скорби - Азалы кітап» жарық көрді. Қазіргі кезде мұндай кітаптар Алматы қаласы, Алматы және Жамбыл облыстары (3-басылым, 1996, 1999, 2004), Манғыстау облысы (1998), Ақтөбе облысы (1997) бойынша қайта басылып шықты, бұларда барлық қуғын-сүргінге ұшырағандар, оның ішінде атылғандар туралы деректі мәліметтер берілген. «Тағзым кітабы» («Книга скорби»), Карағанды (2001), Шығыс Қазақстан облыстары (2002) және басқа аймақтар тізімдері бойынша да жарық көрді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 1997 жылдың «Жалпы ұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп аталуы саяси қуғын-сүргін тарихының проблемаларын зерттеуге үлкен серпін берді. Саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеу елімізде тарихшы-ғалымдар мен ұлт зиялылары тарапынан қызу қолдау тапты. Т. Омарбеков пен К. Алдажұмановтың зерттеулерінде 20-30-жылдардағы күшпен ұжымдастыруға қарсы шаруалар көтерілістері мен қозғалыстар ауқымы алғаш рет көрсетілді. Қазақстанның барлық облыстары бойынша қуғын-сүргінге ұшырағандардың мәліметтер қорын жасауға қатысты

жұмыстар жүргізілді. Зерттеуші С.Ә. Жәкішева бұл мәліметтерді ТМД елдерінің «Қайта оралған есімдер» атты бірыңғай электронды құжаттар қорына енгізді (Мәскеу қаласы).

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін тоталитарлық жүе жылдарында күшпен бұрмаланған ұлттық тарих пен тарихи сананы қайта өркендету міндеті қойылды. Осы мақсатта 1993 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының қазірде қолданыстағы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңы қабылданып, Елбасы жарлығымен 1993 жыл «Жаппай қуғын-сүргін қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жарияланды. Келесі бір қадам-Қазақстан Республикасы Президентінің 1988 жылды «Ұлттық тарих жылы» деп жариялауы болды. міне, осындай шаралар ұлттық тарихты қайта қалпына келтіру мен шынайы тарихты жазудың алғышартын жасап берді. Кеңес Одағы тұсындағы кейбір тарихи оқиғаларды тек ұнамсыз бояумен ғана көрсету белең алды. Осындай жағдайларды болдырмау үшін ҚР Президенті Жарлығымен 1999 жылы «Ұрпақтар сабақтастығы жылы» деп жарияланды.

**4. Оқытудың техникалық құралдары:** глоссарий, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, жазбаша, ауызша сұрау

**5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық сұрақтар, дамыта оқыту технологиясы

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

1. ХХғ. 30 ж. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінді айқындаңыз
2. Саяси қуғын-сүргін туралы ғылыми еңбектерді атаңыз
3. Қазақстандағы Сталиндік қуғын-сүргіннің басталу мәселесін шешіңіз

**2-деңгейдің сұрақтары**

1. ХІХғ. соңы ХХғ. 30-жылдарындағы Қазақстандағы саяси қуғын – сүргін тарихы» пәнінің мақсаты мен міндеттерін табыңыз
2. Кеңес одағындағы тоталитаризмді қарастырыңыз
- 3 ХІХғ. соңы ХХғ. 30-жылдарындағы Қазақстандағы саяси қуғын – сүргін тарихы» пәнінің тарихнамасы және дерек көздерін қарастырыңыз

**3-деңгейдің сұрақтары**

1. Қуғын-сүргін және «Алаш» қайраткерлерін көрсетіңіз
2. Саяси қуғын-сүргіннің тарихнамасы мен дереккөздерді анықтаңыз
3. ХХғ. 30 ж. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің сыни бағалаңыз

**7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары:** Қазақстандағы қуғын-сүргін тарихнамасы және дереккөздері жайлы жаңа тарихи деректер, құжаттар жинағын, ғалымдардың еңбектерін жіктеңіздер

**8. Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қазақстан тарихы. Тарихи оқиғаларды ұлттық мүдде тұрғысынан бағалау: Оқу құралы.- Алматы: «Білім» баспасы, 2006. – 224 бет.
2. Омарбеков Т. Зобалаң. Алматы, 1994.
3. Хасанов Қ. Ақтаңдақта атылған азаматтар. Орал, 1996.
4. Қазақстан тарихы, көптомдық: 1, 2, 3, 4, 5 томдар. Алматы: «Атамұра», 2010.
5. Салғараұлы Қ. Қазақтың қилы тағдыры. Алматы: Аруна, 1992, 480 б.

6. Құл-Мұхаммед М. «Алаш бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. Алматы: Атамұра, 2000. -240 бет.
7. Омарбеков Т.Тарихпен өрілген тағдыр Астана: «Ана тілі – Ата тарих» баспа зерттеу орталығы ЖШС., - 2007. -460 бет.
8. Қозыбаев Манаш. Ақтаңдақтар ақиқаты Алматы: - «Қазақ университеті», 1992. – 272 бет
9. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер Алматы. Қазақстан. 1990. -168 бет.
10. Ахметов Ғ.Алаш алаш болғанда Алматы: 1998, 186 б
11. Хазретәлі Тұрсұн Алаш һәм Түркістан. Монография Алматы, «Ел шежіре»., 2013, 365 б.
12. Тоғысбайұлы М. Тарихтың ашылмаған беттері. Алматы, 2001.